


ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
САРЫАҒАШ АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
№74 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ



Педагог – психолог Н.Құралбектің жылдық жоспары

2021-2022 оқу жылы

Принциптері:

1. Баланың жеке басына эмпатия және құрмет;
2. Білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және жас ерекшеліктерін ескеру;
3. Психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялау;
4. Баланың құқықтары мен мүдделері сақталатын ақпараттың құпиялылығы қағидаттарына негізделеді;
5. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызбау болып табылады;
6. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру процесінде алып жүрудің ғылыми, кешенділігі, бірізділігі, кезеңділігі және үздіксіздігі қағидаттарына негізделеді.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметті жүргізу тәртібі

1. Психологиялық қызмет білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің оқу уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлары бойынша орта білім беру ұйымының алқалы органы болып табылады;
2. Білім беру іс-әрекетіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, кеңес беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау мен қолдау көрсетуге бағытталған, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық әл-ауқатын сақтауды және нығайтуды көздейді;
3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, дамытудағы және тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау әнгімелесу, диагностика, бақылау жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтерден ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі;
4. Қарым-қатынастың білім беру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, өзара әрекеттесудің интерактивті формалары, танымдық кездесулер және т. б. білім беру ортасының дамып келе жатқан жағдайларын қолдайды;
5. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
6. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің кәсіби бағытын, бейіндік оқу траекториясын және жеке білім беру кеңістігін саналы таңдау, табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасау;
7. Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін педагогтар мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

р/с	Диагностика (әдістемелер)	Түзету (жоспарлар мен хаттамалар)	Профилактика (ағарту) (жоспарлар мен хаттамалар)	Дамыту (жоспарлар мен хаттамалар)	Кенес беру (журналға тіркеу)	Әлеуметтік- диспетчерлік қызмет (анықтамалар, есептер)	Өз білімін жетілдіру (сертифика- ттар, граммалар)
ТАМЫЗ							
1					Жас мамандарға бейімделуге байланысты кенес беру	Педагогикалық- психологиялық қызмет құжаттарын дайындау және жылдық жоспар түзу.	Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жыл 24.11. күнгі №258 қаулысымен танысу, тәжірибеге ендіру.
2						Мектеп бойынша ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың жеке құжаттарымен танысу, жинақтау.	
3						Педагогикалық кеңесте консилиум құрамын бекіту.	
4						Бірінші және бесінші сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстардың іс-шара жоспарын түзу.	
5						Психология кабинетін жабдықтау, безендіру.	Тамыз педокулары на қатысу

6						Шығармашылық жұмыстың тақырыбын айқындау және жыл бойы, жыл бойы осы бағытта іздену, дамыту және шығармашылықпен айналысу.	Психологтың этикалық Кодексімен танысу, оқып-үйрену, тәжірибеде іске асыру.
---	--	--	--	--	--	--	---

ҚЫРКҮЙЕК

1	1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау.	Мектепке бейімделмеген оқушылармен жаттығулар жүргізу.	Мектепке бейімделмеген оқушылардың сынып жетекшісіне, ата-анасына түсіндірме шараларын ұйымдастыру.	1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін дамыту.	Мектепке бейімделуі төмен оқушылардың ата-анасы мен сынып жетекшісіне кеңестер беру.	1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша анықтама дайындау, есебін мектеп басшысына тапсыру.	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын оқып-үйрену, конспектiлеу.
2	1-сынып оқушыларының оқуға дайындығын анықтау.	1-сыныпта оқуға дайын емес оқушылардың іс-әрекетін дамыту.	Оқуға дайындығы төмен (1-сынып) оқушыларының ата-аналары мен мұғалімдеріне ұсыныстар беру.	1-сынып оқушыларының оқуға деген іс-әрекеттерін дамыту.	Оқуға дайындығы төмен оқушылардың ата-анасы мен сынып жетекшісіне кеңестер беру.	1-сынып оқушыларының оқуға дайындығы бойынша анықтама дайындау, есебін мектеп басшысына тапсыру.	Мектепiшiлiк iс-шараларға қатысу.
3	5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау.	Орта буынға бейімделуі қиын оқушылармен психологиялық ойындар мен жаттығулар өткізу.	5-сынып оқушыларының мұғалімдеріне және ата-аналарына ұсыныстар беру.	5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін дамыту және қалыптастыру.	5-сынып оқушыларының мұғалімдеріне және ата-аналарына балада кездесетін қиындықтарды жеңуде кеңестер беру.	5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша анықтама дайындау, есебін мектеп басшысына тапсыру.	Аудандық деңгейдегі онлайн-офлайн семинарларға қатысу.
4					Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	Әр оқушыға жеке психологиялық карта жасау. Сабактарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	Қашықтықтағы ұйымдастырылған байқау, олимпиадаларға қатысу.

ҚАЗАН

1		Орта буынға бейімделуі қиын оқушылармен психологиялық ойындар мен жаттығулар өткізу.	5-сынып оқушыларының бойында кездесетін үрей, қорқыныш, ұялу сезімдерінен арылу жолдары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін дамыту және қалыптастыру.	Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	Әр сыныпқа топтық психологиялық портрет жасау. Сабактарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» заңын оқып-үйрену, конспектлеу.
2	2-11 сыныптар арасылығында «Бес терек» жобасы аясында КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ мен ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ жүргізу және «Тәуекел тобын» анықтау.	Тәуекел тобына енген оқушылармен мәселелеріне қарай тренингтер, психологиялық ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру.	Тәуекел тобына енген оқушылардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.			Психологиялық диагностика әдістемелерінің тізімін жасау және деректер банкі құру (диагностика авторы мен мақсатын көрсету)	Қашықтықта н ұйымдастырылған байқау, олимпиадаларға қатысу.
3	Тәуекел тобына енген оқушылардың мінез-құлқына психологиялық талдаулар жүргізу және мәселелерін анықтау.		Тәуекел тобына енген оқушылардың мұғалімдерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.			Психологиялық тренингтер мен жаттығулар, ойындар әзірлемелер жинағы	Аудандық деңгейдегі онлайн-офлайн семинарларға қатысу.
4	Ұжымның психологиялық ахуалын анықтау.	Ұжымның ауызбіршілігін арттыруда психологиялық тренингтер жүргізу.	Психологиялық тұрғыдан проблемасы бар мұғалімдермен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Педагогикалық ұжым арасында ынтымақтастықты дамыту.	Мәселелелі ұстаздарға топтық кеңестер беру.	Ұжымның психологиялық ахуалының нәтижесін шығару, анықтама дайындау.	Облыстық деңгейдегі онлайн-офлайн семинарларға қатысу.
5	Тәуекел тобына енген оқушылардың отбасыларының психологиялық ахуалын анықтау.					Тәуекел тобына енген оқушылардың отбасыларының психологиялық ахуалының нәтижесін шығару, анықтама дайындау.	

ҚАРАША

1	Мектеп бойынша үлгерімі төмен оқушылардың тізімін анықтау.	«Ата-ана - бала» қарым-қатынасын реттейтін жаттығулар	Бала психологиясының ерекшеліктерімен таныстыру (ата-аналар мен мұғалімдер)	Қарым-қатынасты дамытатын іс-шараларды жүргізу	Қарым-қатынасты реттейтін топтық кеңестер	Көпбалалалы, сәтсіз, жартылай жетім балалардың деректер қорын жинақтау.	Қазақстан Республикасының Конституциясын оқып-үйрену, конспектілеу
2	Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерін анықтау.	«Оқушы-мұғалім» қарым-қатынасын түзету		Отбасы жағдайында және сабақ барысында балаға жағымды ахуал орнату туралы ұсыныстар мен түсіндірме шараларын жүргізу (ата-аналар мен мұғалімдер)		Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерінің қорытындысы мен анықтамасы.	
3	Жаөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында сауалнама жүргізу.	Отбасындағы психологиялық қысымның алдын алуда түзету жаттығуларын ұйымдастыру		Оқушылардың денсаулығы жөнінде деректер қоры (медбикенің берген мәліметтеріне сәйкес)		Сабақтарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	
4	2-4 сыныптар аралығында «Ертегілер елінде» әдістемесін жүргізу (мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты анықтау)		2-4 сынып жетекшілерімен түсіндірме шараларын ұйымдастыру.		2-4 сынып жетекшілеріне жеке және топтық кеңестер беру	2-4 сыныптар аралығында «Ертегілер елінде» әдістемесінің қорытындысын шығару, анықтама дайындау.	Аудандық, облыстық, республикалық семинарларға қатысу
5	5-6 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау.	Тәуекел тобына енген оқушылармен мәселелеріне қарай тренингтер, психологиялық ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру.		Қарым-қатынасты дамыту.	Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	5-6 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерінің қорытындысы мен анықтамасы	
6	7-8 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау.		Ата-аналар мен мұғалімдерді баланың жас дағдарыстарымен таныстыру.		Ата-аналар мен мұғалімдерге баланың жас дағдарысы кезінде оған көмек беру жолдары бойынша кеңестер.	7-8 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерінің қорытындысы мен анықтамасы	Психология саласы бойынша БАҚ-нан білімін жетілдіру.

ЖЕЛТОҚСАН

1	9-11 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау.		Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықты профилактикалау.	2-11 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту.	Мұғалімдерге кеңестер: балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жаттығуларын ұсыну.	9-11 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерінің қорытындысы мен анықтамасы Сабақтарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	«Бала құқықтарын қорғау» Конвенциясын оқып-үйрену, конспектілеу.
2	Оқушылардың темпераментін анықтау (қажетіне қарай)	Қарым-қатынастағы түсініспеушіліктерді түзету жұмыстары		Оқушылардың рухани құндылықтарын дамыту	Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	Оқушылардың темпераментіне сараптама және анықтама	Аудандық психологтардың байқауына қатысу.
3	Оқушылардың кәсіби бағдарын анықтау.		Оқушыларды мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру.	Оқушылардың кәсіби бейінділігін дамыту.	Оқушыларға мамандықтар бойынша ақпараттар ұйымдастыру	Оқушылардың кәсіби бағдарының қорытындысын жасап, анықтама дайындау.	Аудандық Ақпан педокуларына қатысу.

ҚАҢТАР

1	Әскери комиссариатқа баратын оқушылардың психологиялық жай-күйін анықтау	Өзін-өзі басқару, өзін дамыту бойынша оқушылардың арасында түзету жұмыстарын ұйымдастыру.	Ата-аналар мен мұғалімдерді өтпелі кезең қиындықтарымен таныстыру.	Өзін-өзі дамыту жаттығуларын ұйымдастыру.	Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	Әскери комиссариатқа баратын оқушылардың психологиялық жай-күйінің анықтамасын дайындау. Сабақтарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» заңын оқып-үйрену, конспектілеу.
2	Сыныптар арасында «Социометрия»	Қарым-қатынасты түзететін жаттығулар.				Сыныптар арасында алынған «Социометрия» әдісі	Онлайн олимпиадалар мен

	әдісін жүргізу.					бойынша қорытынды шығару, анықтама жазу.	байқауларға қатысу
3	МППК-ға, сауықтыру орталықтарына баратын балалар арасында психологиялық диагностика жүргізу (қажетіне қарай)	Аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында оқушылар арасында түзету жаттығуларын жүргізу.	Ата-аналар мен мұғалімдерді аутодеструктивті мінез-құлық ерекшеліктерімен таныстыру.	Аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында оқушылар арасында дамыту шараларын ұйымдастыру.	Аутодеструктивті мінез-құлықты баланың бойында кездесетін ерекшеліктерді байқау және алдын алуда кеңестер беру.	Сауықтыру орталықтарына баратын балалар арасында психологиялық диагностика нәтижесінде мінездеmeler дайындау.	Аудандық ғылыми жобалар конкурсына қатысу.

АҚПАН

1	Дала жиынына баратын оқушылардың психологиялық жай-күйін анықтау	Ер балалардың дала жиынындағы жүріс-тұрысын түзету жұмыстары	Білім сынақтары алдындағы психологиялық дайындығы төмен балалардың ата-аналары мен мұғалімдерге оның себептері мен реттеу жұмыстарын түсіндіру.	Білім сынақтары алдындағы психологиялық дайындығы төмен балалардың ахуалын реттеу, дамыту.	Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	Дала жиынына баратын оқушылардың психологиялық жай-күйінің нәтижесінде мінездеmeler дайындау.	Қазақстан Республикасының білімінің даму концепциясымен танысу, үйрену. «Психология және мен» аудандық сырттай байқауына қатысу.
2	Үлгерімі төмен оқушылардың мұғаліммен қарым-қатынас деңгейін анықтау.	Қарым-қатынасты түзететін жаттығулар өткізу.				Үлгерімі төмен оқушылардың мұғаліммен қарым-қатынас деңгейінің қорытындысын шығару, анықтама дайындау.	
3						Сабақтарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	

НАУРЫЗ

1	Білім сынақтары (ҰБТ, ОЖСБ, т.б.) алдындағы оқушылардың психологиялық дайындығын анықтау.	Білім сынақтары алдындағы психологиялық дайындығы төмен балалармен түзету жұмыстарын жүргізу.	Оқушылар арасында сынақ алдында өзін-өзі реттеу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту жаттығуларын өткізу.	Білім сынақтары алдындағы психологиялық дайындығы төмен балалардың ата-аналары мен мұғалімдерге кеңес	Білім сынақтары (ҰБТ, ОЖСБ, т.б.) алдындағы оқушылардың психологиялық дайындығының анықтамасын	Психология саласы бойынша ақпараттар жинақтау.
---	---	---	--	---	---	--	--


2				Білім сынақтары алдындағы балада кездесетін қиындықтар жөнінде ата-аналар мен мұғалімдерге лекция оқу.	беру. Бала бойындағы кездесетін қиындықтарды жеңуде ата-аналар мен ұстаздардың білімін дамыту.	дайындау.	«Үздік авторлық жоба» аудандық байқауына қатысу.
3							Біліктілік арттыру курстарынан өту.

СӘУІР

1	Мектепалды дайындық тобының мектепке дайындығын анықтау.	МАД тобының білім алушыларымен түзету жұмыстарын ұйымдастыру.	Мектепалды дайындық тобының мектепке дайындығын шыңдауда оқытушылар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Ата-аналар мен мұғалімдерді мектепалды дайындық тобындағы балалардың жас ерекшеліктерімен таныстыру.	Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша кеңестер беру.	Мектепалды дайындық тобының мектепке дайындығының қорытындысын шығару, анықтама жазу.	Аудандық «Үздік психолог-2022» конкурсына қатысу.
2	5-10 сынып оқушыларының емтихандар алдындағы психологиялық ахуалын анықтау.	Дала жиынына баратын оқушылармен түзету жаттығуларын жүргізу.	Дала жиынына баратын балалардың тата-аналары мен ұстаздарына олардың психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру.	Қарым-қатынасты дамыту жаттығуларын жүргізу.	Дала жиынына баратын балалардың тата-аналары мен ұстаздарына кеңес беру.	5-10 сынып оқушыларының емтихандар алдындағы психологиялық ахуалының қорытынды анықтамасын дайындау.	«Үздік психология кабинеті» аудандық байқауына қатысу.
3	11-сынып оқушыларының ҰБТ алдындағы психологиялық ахуалын анықтау.	Үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу.		Үлгермеуші балалардың отбасылық жағдайында үй тапсырмасын орындауда жағдай жасау бойынша ата-аналарға	Үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту.	11-сынып оқушыларының емтихандар алдындағы психологиялық ахуалының қорытынды анықтамасын дайындау.	

				ұсыныстар беру.			
4						Сабактарға ену, психологиялық талдаулар жүргізу.	
5				4-сынып оқушылары арасында орта буынға бейімделу бойынша кездесулер ұйымдастыру.	4-сынып оқушылары арасында орта буынға бейімделу бойынша ата-аналар мен ұстаздарға кеңестер беру.		
МАМЫР							
1	Ұжымның психологиялық ахуалына талдау жүргізу.	Білім сынақтары алдында оқушылар арасында түзету жұмыстарын жүргізу.	Білім сынақтары алдында оқушылардың бойында кездесетін агрессия, стресс, қорқыныш, мазасыздану жағдайларының алдын алуда ата-аналармен және мұғалімдермен түсіндірме шараларын ұйымдастыру (лекция, баяндама)	Білім сынақтары алдында оқушылардың бойында кездесетін агрессия, стресс, қорқыныш, мазасыздану жағдайларының алдын алуда оқушылармен дамыту жұмыстарын жүргізу (жаттығулар мен ойындар)	Білім сынақтары алдында оқушылардың бойында кездесетін агрессия, стресс, қорқыныш, мазасыздану жағдайларының алдын алуда ата-аналармен және мұғалімдерге кеңестер беру.	Ұжымның психологиялық ахуалына қорытынды шығару.	
2				Білім сынақтары алдында оқушылар арасында қолдау жұмыстарын жүргізу.			
3			ҰБТ алдында оқушыларға психологиялық қолдау жұмыстарын	Ұжымның психологиялық ахуалына қарай дамыту шараларын			

		жүргізу.	жүргізу.			
МАУСЫМ						
1					ҰБТ алдында және оны өткізу кезеңінде оқушыларға психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізу.	Оқушыларға, ата-аналарға кеңестер ұйымдастыру.
2	Жылдық қорытынды.					Жылдық есептер тапсыру.

Педагог-психолог:  Н.Құралбек